



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2023 жылдың қаңтар айындағы
ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің
нақты сектор мониторингі басқармасының бастығы
Игорь Осиповтің
түсіндірмесі**

2023 жыл, 16 ақпан

2023 жылдың қаңтар айында елде **жылдық инфляция 20,7%** болып (2022 жылғы желтоқсанда – 20,3%), сәл қарқын ала түсті. Аймақтар бойынша алып қарасақ, инфляцияның 19 өңірде жеделдеп, 1 өңірде (Қарағанды облысы) баяулағанын аңғаруға болады.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында және Маңғыстау мен Ақмола облыстарында тіркелді.

Қаңтарда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 25,7%-ға (2022 жылғы желтоқсанда – 25,3%) өсті. Осы топтағы тауарлардың бағасы Маңғыстау облысында (31,5%) барынша тез, ал Алматы облысында (23,8%) мейілінше баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 20,2%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы желтоқсанда – 19,4%). Ең жоғарғы мән Астана қаласында (31,7%), төменгі мән Алматы облысында (15,9%) тіркелді.

Қаңтарда **ақылы қызметтердің** бағасы ж/ж 14,2%-ға өсті (2022 жылғы желтоқсанда – 14,1%), бұл ретте Ақмола облысында (18,4%) баға жалпы республикалық деңгейден жоғары, Алматы облысында (11,4%) біршама төмен болды.

2023 жылғы қаңтарда елде баяулаған **айлық инфляцияның** өсімі **1,1%-ды** құрады. Бұл соңғы 5 жылдағы (2018-2022 жылдары: 0,6%) қаңтар айындағы инфляцияның орташа мәнінен біршама жоғары.

Толығырақ:
<https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>

<https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>